ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 27 маусым №5165-23-00-2/1361 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Рүстем, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№3 Көксәйек арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Төлеген» Төлеген Нұрғали Нұрлыбекұлы.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану.
2. Тұрақсыздық сомасын өндіру.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№3 Көксәйек арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Төлеген» Төлеген Нұрғали Нұрлыбекұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Төлеген» Төлеген Нұрғали Нұрлыбекұлынан «Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№3 Көксәйек арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің пайдасына 8 073 (сегіз мың жетпіс үш) теңге тұрақсыздық айыппұл мен 1 967 (бір мың тоғыз жүз алпыс жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 27.06.2023
Заңды күшіне енген күні: 04.08.2023, судья Рүстем Б. М., 04.08.2023
5165-23-3-1/1457

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруге мүмкін.

Судья **Б.Рүстем**

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 27.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 04.08.2023, судья Рүстем Б. М., 04.08.2023

5165-23-3-1/1457